

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.318-319

«АТАМЕКЕН-АГРО» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА БҰРШАҚ DAҚЫЛДАРЫН ӨНДІРУ ҮШІН ІС-ШАРАЛАР ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Қанат Т.

АҚ «Атамекен-Агро» Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орналасқан. «Атамекен-Агро» компаниясында 15 ірі холдинг бар. Қазіргі уақытта Атамекен-Агро ЖШС-де бұршақ және астық дақылдарын өсірумен қатар, астық және бұршақ дақылдарының жаңа сорттарын игеріп, топырақ құнарлығын сақтау және оған қажетті заттарды тиімді пайдалану мақсатында жағары техникалық машиналар паркімен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда Атамекен-Агро ЖШС-де барлық ауыл шаруашылық мақсатындағы жер -373,640, ал егістік алаңы 279,797 га жерді алып жатыр.

Солтүстік Қазақстан облысының климаты шұғыл континентальді, ауа райы жылдам ауытқиды, қысы ұзақ жазы қысқа. Жылдық орташа ауа температурасы 0,6-18° С. Қыс мезгілі орта есеппен 5,5 айға созылады. Жекелеген жылдары аязды кезеңнің ұзақтығы 0,5 айға көп немесе 0,5 айға төмен болуы мүмкін. Ең суық ай – қаңтар, орташа температура -17,6°С. Минимальді температура 30°С дейін төмендейді, жекелеген күндері олар -45 °С және -50 °С жетеді. Ауаның орташа жылы кезеңі шілде айында 19,5 °С-ді құрайды, жекелеген күндері +24 °С, +26 °С-ді құрайды, өте сирек +40 °С-ге жетеді. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы орталық бөлігінде мамыр мен қыркүйек айлары аралығында 55-70% құрайды. Күннің ыстық болуы, ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмендігі және күшті желдің жиілігі жауған жаңбырды буландырып, жиі түрде құрғақшылықтан өсімдіктер зардап шегеді.

Бір ботаникалық бұршақ тұқымдастарына (Leguminosae- Fabaceae) жата отырып дәнді бұршақ дақылдары өсімдіктердің биологиясын, алынатын өнімнің сапасында және өсіру технологияларында көптеген ұқсастықтар бар.

Дәнді бұршақ дақылдарына ақуызға бай кең ауқымды қос жарнақты өсімдіктер тобы біріктіріледі. Барлық дәнді бұршақ дақылдарының тұқымдары мен вегетативтік массасында жоғары мөлшерде белок болатындықтан тағамдық және мал азықтық құндылығымен сипатталады. Дәнді бұршақ дақылдарының сабаны мен мекенінде 8-14% белок болады. Дәнді бұршақтарының астығы- жануарлар үшін құнарландырылған мал азығының құнды құрам бөлігі. Бұршақ дақылдарынан қоректілігі жақсы пішен, сүрлем және жасыл балауса дайындалады [1].

Қарқынды өсіру технологиясы. Солтүстік Қазақстанда асбұршақ сүрі танабынан кейінгі бірінші және екінші жаздық бидайдан кейін орналастырылады. Асбұршақ бір танапта қайта өсіруді көтере алмайды,

өйткені аурулар мен зиянкестерден үлкен зардап шегеді. Топырақты негізгі өңдеу жазықтілгіштермен немесе терең қопсытқыштармен іске асырылады. Себу алдындағы топырақ өңдеу бидайдікіне ұқсас. Теңдестік тәсілімен анықталған фосфорлы тыңайтқышты топырақты негізгі өңдегенде енгізеді. Ылғалды аудандарда және суармалы жағдайда өсіргенде асбұршақ тұқымын нитрагинмен өндегенде жақсы нәтижеге қол жеткізіледі, ал мұның өзі өсімдік тамырларында түйнектердің түзілуіне мүмкіндік жасайды, асбұршақтың азотты байлауын күшейтеді. Ауруларға қарсы нитрагинмен инокуляциялауға дейін бұршақ тұқымын жартылай құрғақ тәсілмен 70% -ды Тигам (4-6 кг/т) немесе 80% -ды ТМТД (3-4 кг/т) улы заттармен дәрілейді. Асбұршақтың аталған аймақты оңтайлы себу мерзімі — 15-25 мамыр. Оны негізінен жаппай қатардағы тәсілмен себеді, тұқымның себу мөлшері 0,6-0,9 млн/га өнгіш тұқым. Асбұршақтың тұқымдары ылғалды топырақ қабатына сіңіріледі (4-5 см-ден 8-9 см-ге дейін). Асбұршақ егістігін күтіп-баптау егін көгіне дейінгі (себуден 3-4 тәуліктен соң) тырмалаудан басталады, соның нәтижесінде арамшөптердің ақ жіпшелері жойылады және топырақ қабыршағы үгітіледі. Көктегеннен кейін және тамырланғаннан соң егін көгін көлденең немесе қиғаштап жеңіл тырмалармен тырмалайды. Асбұршақ себілетін танаптардағы біржылдық арамшөптерге қарсы линурон немесе прометрин гербицидін қолданады. Бұл гербицидтерді себу алдында 3-4 см тереңдікке 1,5-3,0 кг/га ә.е.з. бойынша енгізеді. Қосжарнақты арамшөптерге қарсы асбұршақтың 4-6 жапырақ кезеңінде 2М-4Х гербицидінің 2-3 кг/га мөлшерімен егістік бүркіледі (ОП-2000 және басқалармен). Бізтұмсық, дән кеміргіштерге қарсы жаппай көктеген кезде еістікті 20%-ды (0,5-1,0 л/га) немесе 40% -ды (0,25-0,5 л/га) метафоспен өңдейді. Асбұршақ егістігі бөлектеп жиналады. Асбұршақ тұқымының орташа ылғалдылығы 30-35% жеткенде немесе өсімдіктерінің орта бөлігіндегі бұршаққаптардың 70-75% сарғайғанда оны дестелегіштермен (ЖБА-3,5) дестеге шабады, ал дестеде тұқым ылғалдылығы 18-20% жеткенде асбұршақ астығы бастырылады [1].

Әдебиеттер тізімі

1. Өсімдік шаруашылығы./ Қ. К. Әрінов, Қ . М . Мұсынов, А . Қ. Апушев, т.б.- Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір », 2011.-632 б.
2. «Атамекен Агро» ЖШС - ның мәліметтері - 2016 ж. есебі.